

1.4.2021

# Виртуалды көрме

Виртуальная выставка



## ҚЫРАН ҚАНАТТЫ АҚЫН

Қасым Аманжолов 1911 жылы 10 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыларай қыстауында дүниеге келген.

Қасым Аманжолов – қазақтың аса ірі ақындарының бірі. Оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Ақынның әдеби мол мұрасын 7-8 поэмасы мен алуан тақырыптағы лирикалары құрайды. Қасым Аманжолов – көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастандарын қазақ тіліне шебер аударды.

1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы "Өмір сыры" деген атпен жарық көреді. Жинаққа енген өлеңдерден болашақтағы кемелденген ақын поэзиясының отты, лепті, сыршыл мінезі танылатын жекелеген жол, шумақтар табылғанымен, тұтастай алғанда, жинақ ақынның әлі де үйрену, еліктеу үстінде екенін көрсететін еді.

Қасым 30-жылдардың өзінде-ақ А.Пушкиннен, М.Лермонтовтан, Т.Шевченкодан, Дж.Байроннан, В.Маяковскийден шебер аудармалар жасады. Бұл оның үлкен поэзияның сырына терең бойлап, ақындық өнерінің қыр-сырын тануына көмектесті. 1939-1940 жылдар ақынның өсу жолындағы елеулі кезең болды. «Письмо к Родине», "Нар тәуекел", "Бурабай толқындары", "Дауыл", "Көкшетау", "Орамал", "Сұлтанмахмұт туралы баллада", "Өз елім", "Ғашық едім қайтейін" сияқты тамаша туындылары осы жылдары дүниеге келді.

Одан кейін әр жылдары «Дауыл», «Балбөбек», «Нұрлы дүние» кітаптары мен «Таңдамалы шығармалар» жинақтары басылып шықты.

Қ. Аманжолов – өзінің батыл ойлы, шыншыл да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандар сүйіспеншілігіне ие болып, жас таланттарға өте күшті әсер етіп келе жатқан біртуар дарын.


**Кітаптар саны: 18**





**Оқытушылар назарына:** [Кітап қорының қалыптасуы бойынша ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

[Қорымыздың басқа кітаптарымен танысу үшін осы жерді басыңыз.](#)

	<p><b>Аманжолов Қасым.</b>  <b>Өлеңдер. Поэмалар: жинақ / Қ. Аманжолов. - Алматы : Өлке баспасы, 2013. - 287, [1] б.</b></p> <p>Күндей үні күркіреп, күллі өңірге жайылған, дүрия ойы дүр түлеп, қиялы қиядан құсты қайырған, – Қасым ақын жырлары лап етіп өртке айналған, жүре келе дертке айналған: ғашықтық жас дәуренді жасын оттай жарқ еткізіп жадыңызға қондырып, жанарға жас алдыратыны ақиқат.</p> <p>Жан-жүрегін жарып шыққан жырымен – дауыл алды тыным алған теңіздей тереңге тартып, табан асты тарпаңдық танытар да Қасым ақын екендігі ақиқат.</p> <p>Ақиқаты: өр өлкеден өріс алған өр мінезді Қасым ақын жырларын «Өлке» баспасы «Жасөспірімдер кітапханасы» сериясымен оқырманына ұсынып отыр.</p> <p>Қасым ақын жырлары адам бойына терең ой, тәтті сезім, асқақ арман, толассыз күш-жігер дарытады.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов Қ. Қасым.</b>  <b>Нұрлы дүние : таңдамалы өлеңдер мен поэмалар / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы : Жазушы, 1991. - 391,[1] б.</b></p> <p>Қазақ совет поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың сүйікті ақыны Қасым Аманжоловтың өлеңдері енгізілген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов Қасым.</b>  <b>Өзім туралы : өлеңдер мен поэмалар / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы : Ана тілі, 2011. - 359,[1] б.</b></p> <p>Ақынның 100 жылдығына орай шығарылып отырған бұл жинаққа алмастай жарқылдаған, төгіле таскындаған таңдаулы өлеңдері мен поэмалары беріліп отыр.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

	<p><b>Аманжолов Қ. Қасым.</b>  <b>Өлеңдер / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы : Мектеп, 1985. - 159,[1] б.</b></p> <p>Ақынның өлеңдері енгізілген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов Қ. Қасым.</b>  <b>Дариға, сол қыз : өлеңдер мен поэмалар / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы : Раритет, 2006. - 254, [2] б.</b></p> <p>Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі халқымыздың дарынды ақыны, атақ-даңқы кең жайылған қасым Аманжолов ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шығармашылығы еді. Бейбіт өмірді, қан майданды, туған жер мен ата-ананы, достық пен махаббатты, көңіл-күй мен табиғатты биік парасаттылықпен, шынайы сезіммен, зор тербеніммен жырлайды.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>


 	<p><b>Аманжолов Қ. Қасым.</b>  <b>Дауыл : өлеңдер мен поэма / Қ. Қасым.</b>  <b>Аманжолов. - Алматы : Жазушы, 2004. -</b>  <b>127,[1] б.</b></p> <p>Ақынның бұл кітабына бүкіл қазақ поэзиясына жаңа өрлеу кезең туғызған таңдаулы жырлары енді.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов, Қасым.</b>  <b>Шығармалар: төрт томдық / Қ. Аманжолов. -</b>  <b>Алматы : Жазушы, 1977. Т. 1. : Өлеңдер /</b>  <b>құраст. және алғы сөзін жазған Ғ.</b>  <b>Қайырбеков. - 527 б.</b></p> <p>Ақынның келешек ұрпаққа аманат етіп беріп кеткен мол ақындық мұрасының бір бөлігінің зерттеулері енген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

	<p><b>Аманжолов, Қ.</b>  <b>Шығармаларының толық жинағы: 1941-1948 / Қасым Аманжолов.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1956. Т. 2. - 549 бет.</b></p> <p>Ақынның келешек ұрпаққа аманат етіп беріп кеткен мол ақындық мұрасының бір бөлігінің зерттеулері енген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов Қасым.</b>  <b>Шығармалар [Төрт томдық] / Қ. Аманжолов. - Алматы : Жазушы, 1980. Т. 3. : Аудармалар / құраст. Ғ. Қайырбеков. - 264 б.</b></p> <p>Ақынның өлеңдері, поэмалары, очерктері, мақалалары, аудармалары, коментарийлар енгізілген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов, Қ.</b>  <b>Таңдамалы шығармалар: Өлеңдер мен поэмалар / Қасым Аманжолов.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1961.- 539 бет.</b></p> <p>Бұл кітапқа ақынның әр жылдарда алуан тақырыпқа жазылған таңдаулы өлеңдері менг поэмалары және Лермонтовтвн, Маяковскийдан аударған шығармалары енген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов Қ. Қасым.</b>  <b>Біздің дастан : таңдамалы өлеңдері мен поэмаларының бір томдығы / Аманжолов, Қасым. - Алматы : Жазушы, 1965. - 332 бет.</b></p> <p>Қасым Аманжоловтың бұл кітабына бұрын оқушы жұртшылығымызға кеңінен таныс лирикалық өлеңдері мен қатар үш поэмасы енді. Сондай-ақ жинақта ақынның бұрын жарияланбаған өлеңдері де бар.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

 <p>Касым Аманжолов Светлый путь</p>	<p><b>Аманжолов Касым Рихимжанович.</b> <b>Светлый путь : стихотворения и поэмы / К. Р. Аманжолов. - Астана : Аударма, 2011. - 477, [3] с.</b></p> <p>Настоящее издание стихов и поэм Касыма Аманжолова названо так же, как и один из поэтических сборников поэта «Нұрлы дүние» - «Светлый путь». Книга включает в себя лучшие переводы поэтов России и Казахстана из прежних изданий, вышедших в разные годы в Москве и в Алмате, а также малоизвестные варианты переводов стихов поэта Касыма Аманжолова.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
 <p>С. (Каз) А. Ё КАСЫМ АМАНЖОЛОВ ИЗ БРАННОЕ</p>	<p><b>Аманжолов Касым Рахимжанович.</b> <b>Избранное : стихи и поэмы "Наша легенда", "Абдулла" / К. Р. Аманжолов. - Алма-Ата : Жазушы, 1971. - 119 с.</b></p> <p>В избранное Касыма Аманжолова вошли поэмы «Адулла», «Наш народ» и стихи о родине, о месте человека в жизни, о назначении поэта.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
 <p>КАСЫМ АМАНЖОЛОВ Письмо Родине ИЗБРАННОЕ Перевод с казахского Государственное издательство художественной литературы Москва 1960</p>	<p><b>Аманжолов Касым Рахимжанович.</b> <b>Письмо Родине : избранное: стихи и поэмы "Абдулла" / К. Р. Аманжолов. - М. : Гослитиздат, 1960. - 151 с.</b></p> <p>Он писал о любви, о Земле, и духовной ценности, которые не хватают на сегодняшний день. Именно эти темы отражал в своей поэзии общий сын казахского народа Касым.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

	<p><b>Аманжолов Касым Рахимжанович.</b>  <b>Светлый путь : стихи и поэмы / К. Р. Аманжолов. - Алма-Ата : Жазушы, 1984. - 208 с.</b></p> <p>Касым Аманжолов известен как поэт душевной и светлой лирики. Его стихи о Родине, о месте человека в жизни, назначении поэта, о гражданственности и патриотизме глубоко волнуют читателей разных возрастов.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов Касым Рахимжанович.</b>  <b>Стихи : сборник / К. Р. Аманжолов. - М. : Худож. лит., 1975. - 222 с.</b></p> <p>Предполагаемая книга Касыма Аманжолова представляет собой, фигурально выражаясь, вторую попытку преодоления высокого барьера, имя которому – перевод на другой язык, в данном случае на русский язык, дающий доступ ко всесоюзному читателю.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аманжолов Касым Рахимжанович.</b>  <b>Стихи : сборник / К. Р. Аманжолов. - Алма-Ата : Казгосиздат, 1949. - 71 с.</b></p> <p>В эту книгу Касыма Аманжолова вошли лирические стихи, ранее знакомые нашей ученической общественности.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>



	<p><b>Аманжолов Касым Рахимжанович.</b> <b>Стихи и поэмы : сборник / К. Р. Аманжолов. -</b> <b>Алма-Ата : Казгослитиздат, 1958. - 212 с.</b></p> <p>В книгу поэта вошли избранные поэмы, внесшие новый подъем в казахскую поэзию.</p>	<p><a href="#"><u>Найти электронную версию</u></a></p>
---	---	--